

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13353 болып тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т.қараңыз**

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-1 бабына, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 152-бабының 3-тармағына, "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес, "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 776-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына толықтыру енгізу туралы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 16 тармағының 1) жүз тоқсан бірінші абзацына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 06.04.2023 № 136/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1. Мыналар:**

1) осы бұйрықпен бекітілген 1-қосымшаға сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары;

2) осы бұйрықпен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес әлеуметтік қамтамасыз ету және зейнетақы саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары;

3) алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 23/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

4) осы бұйрықпен бекітілген 4-қосымшаға сәйкес міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымайтын мүлік кепілін тіркеу саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары;

5) алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 21/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

6) осы бұйрықпен бекітілген 6-қосымшаға сәйкес бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары;

7) алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 22/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

8) осы бұйрықпен бекітілген 8-қосымшаға сәйкес бірінғай төлемдер саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 596/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 21/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 16.01.2024 № 22/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 16.01.2024 № 23/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т. Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күніне кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2016 жылдың 1 наурызынан бұрын емес қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы*

*Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі

\_\_\_\_\_ Б. Имашев

2016 жылғы 29 қаңтар

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2016 жылғы 28 қаңтар

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2016 жылғы 28 қаңтар

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығына  
1-қосымша

**Міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүргізетін және (немесе) іске асыратын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.06.2021 № 214/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

P/c №	(Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтің) тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС қоспағанда, бағасы, теңгемен
1	2	3	4
1	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан әлеуметтік төлем алушылардың макеттерді қалыптастыру	1 макет	2117,91
2.	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан әлеуметтік төлем сомаларын алушылардың шоттарына аудару	1 төлем	246,60
3	Әлеуметтік аударымдарды және (немесе) олар бойынша өсімпұлды төлеушілерден Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару	1 төлем тапсырмасы	6,84
4	Әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды төлеушілерге қордың қаражаты " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы шотына келіп түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей қайтаруды қамтамасыз ету	1 төлем тапсырмасы	1242,10

5	Жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық қызмет көрсету	1 ақпарат	459,56
6	Әлеуметтік төлемдер мөлшері туралы ақпаратты ұсыну	1 ақпарат	181,92
7	Әлеуметтік төлемдер саны мен орташа сомасы туралы ақпаратты ұсыну	1 ақпарат	197,13
8	Аударылған міндетті әлеуметтік төлемдер сомасы туралы төлеушілерді растау	1 ақпарат	219,89
9	Жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын төлеушіге қайтару	1 төлем тапсырмасы	180,44

Ескертпе: ҚҚС – қосылған құн салығы

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығына 2-қосымша

**Әлеуметтік қамтамасыз ету және зейнетақы саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 12.05.2016 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 09.08.2017 № 287 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.12.2018 № 517 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.06.2021 № 214/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2021 № 440/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Р/с №	(Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтің) тауарлардың атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС қоспағанда, бағасы, теңгемен
1	2	3	4

1	Республикалық бюджеттен зейнетақы алушылардың, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың және мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылардың макеттерді қалыптастыру	1 макет	2499,74
2	Республикалық бюджеттен жәрдемақы алушылар үшін макеттерді қалыптастыру	1 макет	2117,91
3	Қ а з а қ с т а н Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді ұйымдастыруды және жүзеге асыру	1 төлем	246,60
4	Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ( немесе) өсімпұлды агенттерден бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға бюджет қаражаты е с е б і н е н субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын аудару	1 төлем тапсырмасы	14,46
5	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ( немесе) өсімпұлдарды агентке және (немесе) "		977,85

	Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына оның өтініші бойынша қайтару	1 төлем тапсырмасы	
6	Заңды және жеке тұлғаларға ақпараттық көрсетілетін қызмет ұсыну	1 ақпарат	459,56
7	Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері туралы ақпарат беру	1 ақпарат	103,11
8	Белгілі бір кезеңге міндетті зейнетақы жарналары аударымдарының саны және орташа сомасы туралы ақпарат ұсыну	1 ақпарат	197,13
9	Зейнетақы төлемдерінің саны және орташа сомасы туралы ақпарат беру	1 ақпарат	197,13
10	Міндетті зейнетақы жарналарының 3 айдағы аударымдарының саны мен сомасы туралы ақпарат, айлар бөлінісінде	1 ақпарат	189,73
11	Міндетті зейнетақы жарналарының 6 айдағы аударымдарының саны мен сомасы туралы ақпарат, айлар бөлінісінде	1 ақпарат	207,01
12	Міндетті зейнетақы жарналарының 12 айдағы аударымдарының саны мен сомасы туралы ақпарат, айлар бөлінісінде	1 ақпарат	334,01
13	Міндетті зейнетақы жарналарының 36 айдағы аударымдарының саны мен сомасы туралы ақпарат, айлар бөлінісінде	1 ақпарат	461,30
14	Салымшылардың саны және олардың аударымдарының мөлшері туралы ақпаратты БСН/ЖСН бөлінісінде		219,89

	салымшылардың тізімдерімен қоса ұсыну	1 ақпарат	
15	Салымшының міндетті зейнетақы жарналарының аударылған сомасы туралы агенттерге растау	1 ақпарат	219,89
16.	Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып, алушылар үшін макетті қалыптастыру	1 макет	850,44
17	Жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарын агентке қайтару	1 төлем тапсырмасы	141,86
18	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді ұйымдастыруды және		64,57



жүзеге асыру (банк комиссиясын есепке алмағанда)	1 төлем тапсырмасы	
--	--------------------	--

Ескерулер:

ҚҚС – қосылған құн салығы;

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірлерін.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығымен бекітілген  
3-қосымша

**Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу бойынша қызмет саласында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) іске асыратын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) бағалары**

**Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 23/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығымен бекітілген  
4-қосымша

**Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) іске асыратын тауарларға (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге) бағалары**

№ п/п	Көрсетілетін қызметтің атауы	ҚҚС қоспағанда, бағасы, теңгемен
1	2	3
1	міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті бергені үшін	30,5 тенге
2	өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін	59,2 тенге
3	Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілдің тізілімінен көшірме	ақы алынбастан беріледі

Ескертпе:

- міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті бергені үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін ақыны көрсетілген іс-әрекет мүддесі үшін жасалатын заңды және жеке тұлғалар өтініш берілгенге дейін тіркеуші органның есеп шотына аударады;

- тіркеуші органға түбіртек немесе міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлікті бергені үшін, сондай-ақ өтініш берушінің кінәсінен жіберілген тіркеу құжаттарындағы қателерді түзеткені үшін ақы енгізілгені туралы төлем құжатының көшірмесі ұсынылады;

- прокуратура органдарының, соттардың, анықтау және тергеу органдарының іс жүргізуіндегі істер бойынша, сондай-ақ міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың және Қазақстан Республикасының заң актілерінде кепілдің тізіліміне көшірмені алу құқығы берілген басқа да тұлғалардың сұрау салуы бойынша кепілдің тізілімінен көшірме беріледі;

ҚҚС – Қосылған құн салығы.

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығымен бекітілген  
5-қосымша

**Ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

**Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 21/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығына  
6-қосымша

**Бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

Ескерту. Бұйрық 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.06.2021 № 214/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 596/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№	Тауардың атауы (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)	Өлшем бірлігі	ҚҚС*қоспағанда бағасы, теңге
1	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке бірыңғай жиынтық төлемнің сомасын бөлу және аудару	1 төлем тапсырмасы	27,58
2	Бірыңғай жиынтық төлемнің қате (артық) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыру	1 төлем тапсырмасы	904,4

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін  
атқарушының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығына  
7-қосымша

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүргізетін және (немесе) іске асыратын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 16.01.2024 № 22/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушының  
2016 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 87 бұйрығына  
8-қосымша

**Бірыңғай төлемдер саласындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүргізетін және (немесе) іске асыратын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

**Ескерту. Бұйрық 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 01.12.2023 № 596/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

<b>Р/с №</b>	<b>(Жұмыстардың, көрсетілетін қызметтің) тауарлардың атауы</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>ҚҚС қоспағанда, бағасы, теңгемен</b>
1	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке бірыңғай төлемнің сомасын бөлу және аудару	1 төлем тапсырмасы	52,13
2	Бірыңғай төлемнің кате (артық) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыру	1 төлем тапсырмасы	790,04